

Уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығына актілерді ресімдеу және беру

Мемлекеттік орган	Ауыл шаруашылығы министрлігі
Қызметті алушылар	жеке және заңды тұлғалар
Қызмет көрсету орны	1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ – <i>жер учаскесінің тұрған жері бойынша</i> ; 2) "электрондық үкіметтің" веб-порталы
Қызметті көрсету мерзімдері	6 (алты) жұмыс күні (қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді)
Қызмет құны	1) жеке тұлғалардың: бағбандық және саяжай құрылысын; жеке тұрғын үй құрылысын; жеке қосалқы шаруашылықты; гараждар құрылысын жүргізуі үшін - 1,9 АЕК; 2) шаруа және фермер қожалықтары: 50 га дейін – 3,2 АЕК; 100 га дейін – 1,1 көтеру коэффициенті; 500 га дейін – 1,2; 1000 га дейін – 1,3; 1000 га жоғары – 1,4; 3) заңды тұлғалар, шағын кәсіпкерлік субъектілері: 0,5 га дейін - 3,2 АЕК; 1 га дейін – 1,1; 10 га дейін – 1,2; 50 га дейін – 1,3; 50 га жоғары – 1,4; 4) үй-жайлардың меншік иелері (кондоминиумге қатысушылар): 1 га дейін - 5,2 АЕК; 1,5 га дейін – 1,1; 2,0 га дейін – 1,2; 2,5 га дейін – 1,3; 2,5 га жоғары– 1,4. <i>Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға олар он сегіз жасқа толғанға дейінгі кезеңде уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығына арналған актіні дайындау өтеусіз негізде жүзеге асырылады.</i>
Құжаттар тізбесі	1) көрсетілетін қызметті алушының немесе өкілінің жеке басын куәландыратын құжат (тұлғаны сәйкестендіру үшін); 2) жеке тұлғаның өкілі - нотариалды куәландырылған сенімхат; заңды тұлғаның өкілі - заңды тұлғаның басшысы сенімхат; мемлекет уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа

мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығын берген кезде:

3) жергілікті атқарушы органның уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығын беру туралы шешімінен үзіндінің көшірмесі (түпнұсқа мәліметтер үшін);

4) бекіткен жерге орналастыру жобасының көшірмесі (түпнұсқа мәліметтер үшін);

5) жергілікті жердегі жер учаскесінің шекараларын белгілеу жөніндегі материалдар көшірмесі (түпнұсқа мәліметтер үшін);

б) жеке тұрғын үй құрылысына бөлуге арналған аянда жер учаскелерін орналастырудың жерге орналастыру жобасы болған жағдайда, көрсетілген жұмыстарды орындаған ұйым беретін, нақты жер учаскесіне арналған жерге орналастыру жобасының бір бөлігі және оның жергілікті жердегі шекараларын белгілеу жөніндегі материалдар;

7) уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) және (немесе) уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығын сатып алу шартының көшірмесі (түпнұсқа мәліметтер үшін);

8) акті дайындағаны үшін көрсетілген қызметтерге ақы төленгені туралы төлем құжаты (түбіртек);

жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамалары өзгерген жағдайда:

1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8) тармақ көрсетілген құжаттар;

бұрын қолданыста болған ҚР заңнамасына сәйкес берілген уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығына акті ауыстырылған кезде жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамаларында өзгерістер болмаған жағдайда:

1), 2), 8) тармақ көрсетілген құжаттар;

бұрын қолданыста болған ҚР заңнамасына сәйкес берілген уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығына берілген акті ауыстырылған кезде жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамаларында өзгерістер болмаған кезде құқық белгілейтін құжат өзгерген жағдайда:

1), 2), 8) тармақ көрсетілген құжаттар

Қызмет көрсету нәтижесі

уақытша өтеулі (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) жер пайдалану (жалдау) құқығына арналған акт не бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500011050#z739>